

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Зияткерлік меншік құқығы





Зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселесін халықаралық құқық тұрғысынан қарастыру керек. Жалпы, халықаралық бизнес транзакцияларын жасасқан кезде көбіне зияткерлік құқық меншігі бұзылып, кейбір мемлекеттердің заңына сәйкес болмай жатады. Зияткерлік меншік құқығын бұзуға контрафактілік өнімдер шығару немесе коммерциялық құпияларды заңсыз пайдалану, авторлық және патенттік құқықтарды бұзу мәселелері жатады.

Зияткерлік меншік құқығының негізгі институттары. Ең басты институт – патенттік құқық. Екіншісі – тауар таңбасына құқық. Үшіншісі – қызмет көрсету белгісіне құқық. Төртіншісі – авторлық құқық. Бесіншісі – коммерциялық құпияларға құқық. Алтыншысы – интегралдық сызбалардың топологиясына берілетін құқық.

Тауар таңбасына құқық. Бұл құқыққа сөз, дизайн немесе комбинациядан тұратын белгі жатады. Тауар таңбасы – өзге мемлекеттердің осыған ұқсас тауарларынан ерекшелендіріп тұратын белгі. Мысалы, Coca-cola. Кейбір компаниялар тауардың белгісін компанияның атауымен беруі мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасындағы «Рахат» компаниясының белгісі. Бұл белгілер компанияның іскерлік репутациясына әсер етіп отырады. Компаниялар өз тауар таңбасын жергілікті құзыретті органға барып, тіркеуі тиіс. Тауар таңбаларын тіркеудің өз талаптары болады, сол талаптар орындалған жағдайда, тауар тіркеліп, сол уақыттан бастап оның құқығы қорғалатын болады. Көптеген компаниялар тауар таңбасын қолданып, жұмыс істегісі келеді, себебі, танымал тауар белгісі компанияға үлкен пайда әкеледі. Тауар белгісін тауар таңбалары құқығын қорғайтын заң актілері қорғайды. Бұл заң актілері тауар таңбасын жалған жарнамадан, аудармадан және шығу орнының жалған анықталуынан қорғайды. Тауар таңбасын халықаралық компаниялар өзінің брендін қорғау үшін тіркейді.

Халықаралық бизнес транзакцияларында тауар таңбасы құқығын бұзу мәселелері көп кездеседі. Мысалы, тауар таңбасына құқықты бұзған кезде оны дәлелдеу өте қиын. Тауар таңбасы құқығының бұзулуын дәлелдеу үшін үш негізгі концептіні орындау керек: 1) қызмет көрсетудің ұқсастығы. Мысалы, бір мемлекеттің компаниясы басқа мемлекеттің компаниясы сияқты қызметті жүргізу. Оны дәлелдеу барысында интерьерге, персоналдың тұтынушылармен қарым-қатынасын бақылау керек. 2) тауарлардың, қызметтің ұқсастығы. Мысалы, қол сөмкелерін жасау қызметі. Көп жағдайда бұл тауарлар бір-біріне ұқсас болып келеді. 3) тұтынушыға тауарды таныстырудың ұқсастығы. Сонымен қатар құқық тауар таңбаларын шатастыруға қатысты дәлелдемелердің мүмкіншілігін аз қарастырады. Мысалы, шетел компаниясы халықаралық нарықты зерттемей, өз тауарын өзіндік технологиямен өндіріп, өзге елдің компаниясының тауар таңбасына ұқсас таңбаны тіркеп, қызмет істеуі мүмкін. Бұндай жағдайда, компанияның шынайы шатасуы немесе тауар таңбасын көшірілгенін дәлелдеу қиынға соғады.

Тіркелген тауардың бірегейлігі. Тіркелген тауар таңбалары ешбір басқа таңбаларға ұқсас болмауы тиіс. Көптеген мемлекеттерде тауар таңбасын тіркеудің бірнеше талаптары бар. Мысалы, Ресей тек кириллицамен жазылған таңбаларды ғана тіркейді.

Кейс. Тиффани компаниясы тек зергерлік бұйымдарды жарнамалайды. Тиффани ұғымымен бір компания сыраны жарнамалай бастайды. Сот істі қарау нәтижесінде, істі Тиффани компаниясының пайдасына шешіп береді.

Авторлық құқық. Авторлық құқық автордың зияткерлік меншік құқығы объектілерінің барлығын қорғаудан тұрады. Зияткерлік меншік құқығы объектілеріне әдеби, театрлық, музыкалық, хореографиялық шығармалар, көркем фильмдер, сәулет өнерінің нәтижелері жатады және авторлық құқықтың қорғалуында болады. Зияткерлік меншік құқығы объектілеріне компьютерлік бағдарламалар да жатқызылады. Автордың құқығы өмір бойы және қайтыс болғаннан кейін 70 жылдай сақталады. Алайда бұл мерзім әр мемлекетте әртүрлі, орташа мерзім 70 жыл. Автордың көшірмелерін таратуға, олар бойынша контрафактілік өнімдер шығаруға, автордың рұқсатынсыз басқа тілдерге аударуға, жариялауға рұқсат берілмейді. Айрықша құқық берілуі тиіс, алайда бұл да шектеліп отырады. Мысалы, авторлық құқық өз өнімін бірінші рет сатқан сәттен бастап, оның авторлық құқығы тоқтатылады, яғни автор өз әдеби шығармасын сатқан соң, сатып алған адам оны аударып, жарнамалауға толықтай құқылы. Автордың өзінің шығарған шығармаларына айрықша құқығы болады, ол оны сатып, жарнамалап, сыйға тарта алады. Бұл жағдайда автордың айрықша құқығына қол сұғуға ешкімнің құқығы болмайды. Автордың айрықша құқығына қол сұғу 4 жағдайда мүмкін болады: 1) алғашқы сату туралы



доктрина; 2) әділетті қолдану туралы доктрина; 3) қоғамдық игілікке енгізілген материалдар; 4) жалдауға арналған жұмыстар.

Алғашқы сату туралы доктринаға сәйкес автор өз өнімін сатқаннан кейін, оны әрі қарай пайдалануға айрықша құқығынан айрылады. Әділетті қолдану доктринасына сәйкес құқықты сатып алған сатып алушы бұл құқықты әділетті қолдану керек, яғни игілікті мақсатқа қолдану керек. Егер өзге мақсатта пайдаланылаты болса, автор өз құқығын қайтарып алуға міндетті.

Қоғамдық игілікке енгізілген материалдар мемлекеттің саясаты үшін, тұрақтылығын сақтау үшін жасалатын қоғамдық игілікті зерттеу жұмыстарының нәтижесі мемлекеттің меншігіне беріліп, кейін ол қоғамның игілігіне беріледі. Көп мемлекеттерде компаниялардың қызметкерлері жұмыс барысында жаңа технологияның түрін немесе медициналық препараттарды жасап шығарады. Бұл технологияларға деген авторлық құқық компанияның өзіне тиесілі болады. Егер университет профессоры өз қызметі барысында ғылыми жаңалық ашатын болса, онда сол ғылыми жаңалықтың авторы профессордың өзі болып танылады. Бұл мәселеде көптеген даулар туып жатады. Егер профессор жаңалықты ашу барысында университеттің технологиясын, базасын пайдаланатын болса, онда ол авторлық құқық университеттің меншігінде қалуы мүмкін. Осы жағдай бойынша сотта іс қаралатын болса, сот профессордың жаңалық ашу барысында пайдаланған материалдардың кімнің меншігінде екеніне назар аударатын болады.

Авторлық құқық авторлық құқықты айқындау туралы белгімен де қорғалады. Егер белгілі бір әдеби шығармалар немесе басқа да материалдарда «С» деген белгі жазылып тұратын болса, онда ол авторлық құқықты айқындау белгісімен қорғалады дегенді білдіреді. Авторлық құқықты қосымша қорғауға ISBN белгісі жатады. Кез келген шығармаларды жасаған кезде, авторлық құқықты қорғау үшін осы белгі беріледі. Әртүрлі мемлекетте бұл белгіні берудің талаптары әртүрлі.

Коммерциялық құпияларға құқық. Сауда құпияларын қорғау әр мемлекеттердегі сауда құпияларын қорғау заңдарымен реттеледі. Әсіресе, АҚШ-та сауда құпиялары өте ұқыпты түрде қорғалады. Бұл елде арнайы заң актісі бар. Сауда құпиясыне не жатады? Мысалы, компания қызметкерлерінің тізімі де сауда құпиясы болуы мүмкін. Кез келген кәсіпорынның ноухауы сауда құпиялары болуы мүмкін, егер сол құпия жан-жақты қорғалса, онда ол міндетті түрде сауда құпиясына жататын болады.

Кейс. Медициналық компания өзінің қызметкері қатерлі ісікке қарсы шығарылған препаратты жасау құпиясын ашқаны үшін сотқа арызданады. Сот процесіне келген компанияның бұрынғы қызметкері қандай құпияның ашылғандығын дәлелдеуді талап етті, алайда бұл медициналық компанияның құпиясы болғандықтан, тіпті сот алдында да құпия ашылмады. Сонда да сот ісін қарау нәтижесінде сот бұл істі медициналық компанияның пайдасына шешіп берді.

Ноугроский компаниясының үш қызметкері жұмыстан шығып, бәсекелес компанияға жұмысқа тұрады. Біраз уақыттан кейін бәсекелес компанияның саудасы көтеріле бастады. Сот істі тергеу барысында қызметкерлердің осы компанияға келерде Ноугроский компаниясының клиенттер тізімін алып, сонымен жұмыс істей бастағанын анықтады. Сот бұл істі Ноугроский компаниясының пайдасына шешіп берді, яғни қызметкерлер Ноугроский компаниясының шығынын өтеп беруге міндеттелді және бизнес этикасын бұзғаны үшін бәсекелес компания да айппұл төлейтін болды.

Халықаралық нарықта сұр нарық болады. Бұл нарықта тауар таңбалары әлемге әйгілі тауар белгілерін көшіріп немесе бір әрпін өзгертіп өнімдер шығарады. Бұл тауарлар кеденнен өткен кезде заңға қайшы жасалғаны анықталатын болса, бұл тауарлар тәркіленіп жауапқа тартылады.

Еңбекте зияткерлік меншік құқығын қорғау үшін экспорттаушылар өз мемлекеттеріндегі заңдардың зияткерлік меншік құқығының қалай қорғалатынын біліп, оның қорғалуына мүмкіндік жасауы керек. Экспорттаушылар зияткерлік меншік объектілері болған жағдайда, сол мемлекеттің зияткерлік меншік құқығын қорғау заңымен қорғалуы керек. Шетелдік тараптармен лицензиялық келісімшарттар жасаған кезде лицензиялар сол шет мемлекеттің зияткерлік меншік құқығын қорғау туралы заңымен толық танысуы тиіс. Сондай-ақ шетелдік заңгерлердің көмегімен бизнес транзакцияларын жасау барысында халықаралық заңнамаларға сәйкес



патенттерді, тауар белгісін және авторлық құқықтарды халықаралық нормаларға сәйкес сатып алуы керек. Коммерциялық құпияларды сақтау, лицензиялау, маркетинг, бөлу және бірлескен кәсіпорындар туралы келсімдерде құпиялылық туралы ережелермен қорғалуы тиіс.

Зияткерлік меншік объектілері ДСҰ Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісімімен, өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясымен, патенттік коперация туралы шартпен, сондай-ақ әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясымен қорғалады.